



ӨОЖ 314.1 (574)

FTAXP 11.15.91

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.101(1).28

¹Ауезова З.Т., ²Бұлақбай Ж.М., ¹Сагынбаева А.Б.*,
¹Байгукин Г.Т., ¹Байжанова М.С.

¹Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
*Корреспондент-авторы: ago.kz@mail.ru

E-mail: zaure58@mail.ru, bulakbay_zhannat@mail.ru, bottom_91@mail.ru, baizhanova.madi@mail.ru

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРДІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Аңдатпа. Қазіргі таңда халықтың демографиялық жағдайын реттеуде мемлекеттің алатын орны ерекше. Жалпы халықтың демографиялық жағдайы мен өмір сүру сапасын бағалау мемлекеттің алдында тұрған әлеуметтік-экономикалық саясаттың ең маңызды мәселесі болып табылады.

Аталған мақалада Алматы облысы халқының демографиялық жағдайына зерттеу және талдау әдісін қолдану ұсынылады. Зерттеу жұмысы алға қойылған міндеттерді шешуге және еліміздің өңірлерінде, сонымен қатар Алматы облысындағы халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайын және қазіргі жай-күйінің өңірлік мәселерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында халықтың демографиялық жағдайын мемлекеттік реттеуде еліміздің әртүрлі өңірлерінде әр түрлі жағдайда екендігін және статистикалық көрсеткіштерге сүйенсек өндіріс орындары шоғырланған аудандарда халықтың әлеуметтік экономикалық жағдайы өнеркәсіптік облыстардан біршама төмен екендігін байқауға болады. Сонымен қатар, аталған мақалада еліміз бойынша және Алматы облысы өңіріндегі халықтың табиғи өсімі, өлім-жітімі, некелесу мен ажырасу, көші қон және АДИ көрсеткіштерін талдау мақсатында көрсеткіштерге талдау жасалған.

Кілт сөздер: халық; демография; демографиялық үдеріс; мемлекеттік реттеу; мемлекеттік реттеу әдістері; мемлекеттік басқару әдістері; табиғи өсім; туу; өлім-жітім; көші қон; әлеуметтік экономикалық жағдай; нарықтық экономика; адамның даму индексі.

Кіріспе

Ғылыми зерттеу жұмысы қазіргі кездегі демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің маңыздылығымен анықталады, ол мемлекет жүргізіп отырған жалпы саясаттың қажетті және басты компоненті болып табылады. Елдің бүкіл келбеті тұрғындардың демографиялық, сонымен қатар әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерінің даму деңгейіне байланысты. Халық санының көбеюі елдің әлеуметтік жақсару деңгейін және болашаққа деген сенімін нығайтады. Сондықтан, демографияны көтеру мәселелері әрдайым өзектілігі маңызды әрі жоғары болып табылады.

Көптеген елдердің ғалымдары ұзақ уақыт бойы халықтың демографиялық жағдайларын нақты көрсетуде әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер туралы пікір таластырады. Халықтың әртүрлі топтары үшін өмірдің сапасы туралы түсінік әртүрлі. Жалпы алғанда өмір сапасының шынайы индикаторлары өмірдің экономикалық, демографиялық, табиғи және әлеуметтік параметрлерін көрсететін әртүрлі статистикалық көрсеткіштерді қамтиды. Халықтың өмір сүру деңгейі және сапасын бағалаудың әдістемесі мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың маңызды аналитикалық құралы болып саналады, сонымен қатар ол мемлекеттің болашақтағы әлеуметтік-экономикалық саясатының бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының мақсаты. Алматы облысындағы тұрғындардың демографиялық жағдайы мен демографиялық өсу ахуалын кешенді негізде зерттеу, Алматы облысындағы қазіргі демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің қалыптасқан жағдайы, сондай - ақ демографиялық үдерістердің айырықша өзгешеліктері мен демографиялық мәселелерді қарастыру және шешімдерін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу материалдары және әдіснамалық негіздері елдегі демографиялық үдерістерді зерттеумен шұғылданған ғалымдардың негізгі зерттеген жұмыстары және еңбектері кіреді. Зерттеу барысында



статистикалық және аналитикалық әдістері қолданылды. Ол Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде жүзеге асырылды.

Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы – әр елдің басты байлығы – оның халқы. Сол себепті де халықтың демографиялық ахуалын анықтау, зерттеу және мониторинг жүргізу сияқты мәселелерге әрдайым назар аударады. Осы зерттеу негізінде аймақтың демографиялық негізгі проблемаларын көру арқылы, берілген ұсыныстарды одан әрі жетілдіріп, демографиялық тұрақтылық пен өсімге алып келетін нақты бағдарламалар мен шешімдер қабылдануы мүмкін.

Әдебиеттік шолу. Демография (грекше *demos* – халық, *grapho* – жазу) – халық санын, аумақтың орналасуы мен құрамын, олардың өзгеруін, осы өзгерістердің себептері мен салдарларын, әлеуметтік және экономикалық ахуалы мен халықтың өзгерістерінің өзара байланысын зерттейтін ғылым.

Демография ғылымының негізін қалаушы, демографиялық статистиканың атасы Джон Граунт. Ол XVIII ғасырда туылғандар мен өлгендердің санын бақылаудағы алғашқы әрекеттерді жазған болатын. Ал, «демография» термині алғаш рет 1855 жылы француз ғалымы А.Гийярдың кітабының атауында пайда болды: «Адам статистикасының элементтері немесе салыстырмалы демография», жалпы демография термині XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында кеңінен қолданыла бастады [1].

Халық – бұл белгілі аумақтағы бір уақытта өмір сүретін адамдардың жиынтығы, сондықтан демографияны қысқаша популяция туралы ғылым ретінде қарастыруға болады. Халықтың көбеюі – бұл халықтың тұрақты өсіп-өнуінің, ұрпақтардың үздіксіз жаңаруының, яғни, табиғи (туу және өлім-жітім), сондай-ақ механикалық (көші-қон) негізде белгілі бір аумақтағы бір уақытта өмір сүретін адамдар жиынтығының күрделі үдерісі болып табылады. Халық өндіріс субъектісін және басқа да қоғамдық үдерістер мен құбылыстарды құрайды. Ғалымдар Д.В.Бешейко және Л.Н.Липотованың еңбектерінде адам мемлекеттің негізгі өндіргіш күші бола отырып, бүкіл қоғамдық байлықтың құрушысы болып саналады, сондықтан, жұмыс істейтін халық өндіргіш күштердің белгілі бір даму деңгейінде өзінің біліктілігімен экономикалық дамуына жағдай жасайтын басты көрсеткіштердің бірі болып табылады деп көрсеткен [2,3].

Кез келген аумақтың әл-ауқаты мен тұрақты дамуы әр түрлі факторлардың жиынтығына негізделген, олардың негізгісі халық. Шын мәнінде, халық санының көбеюі елдің әлеуметтік жақсару деңгейін және болашаққа деген сенімін нығайтады. Ресейлік ғалым О.П.Пуртованың еңбегінде демографиялық үдерістер ішкі, сонымен қатар сыртқы саясатта, мемлекет дамуының әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде және т.б. маңызды рөл атқарады деп көрсеткен. Сонымен қатар, демографиялық жағдайларға байланысты қазіргі мәселелер кез келген елдің экономикалық өсуіне кедергі келтіруі және ол әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштерін нашарлатуы да мүмкін. Осылайша, демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің маңыздылығын айқындайтын халық саны мемлекетіміздің әлеуметтік және экономикалық өсуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің қажеттілігі халықтың өсу қарқынына қарамастан әлемнің барлық дерлік елдері мойындайды.

Халықтың маңыздылығы оның санына, жынысына, жасына және әлеуметтік-экономикалық құрамына сәйкес болып келеді, сондай-ақ бұл қаланың, аймақтың, сонымен қатар, бүкіл мемлекеттің дамуы мен әл-ауқанының деңгейінде анықтап отырады. Халық санының өсуіне байланысты мемлекетте арнайы демографиялық саясатты жүргізу қажеттілігі туындай бастады. Демографиялық саясат дегеніміз – мемлекеттік мекемелердің, сонымен қатар басқа да әлеуметтік институттардың халықты көбейту үдерістерін реттеу саласындағы мақсатты әрекеті. Бұл мемлекеттік органдардың міндеттеріне сәйкес, халықтың негізгі көрсеткіштеріне, сондай-ақ қазіргі демографиялық үрдістерге әсер ету үшін өзара байланысқан шаралар кешені.

Демографиялық үрдістерді мемлекеттік реттеудің әлеуметтік-саяси моделдерінің қалыптасып дамуында бірнеше кезеңдері басынан өткізді, олар:

❖ Демографиялық үдерісті мемлекеттік реттеудің әлеуметтік-саяси модельдерінің қалыптасуы, еліміздің ішкі қызметінің құрамдас бір бөлігі ретінде. Бұл кезеңде демографияны мемлекеттік реттеу функциясы туу және өлім-жітімді, көші-қонды, некелесу мен ажырасуларды, халықтың нақты санын есептеуші, тіркеуші, бақылаушы рөлін ғана атқарады. Бұл кезеңде демографияны мемлекет тарапынан реттеу қызметі әлі бәсең, сырттан ғана бақылау, яғни, араласпау, үнсіз таңбалау қызметтері арқылы жүзеге асқан алғашқы үдерістердің бірі болып саналады.

❖ Демографияны мемлекеттік реттеудің әлеуметтік-саяси модельдерінің екінші кезеңінде мемлекет демографиялық үдерістерге тікелей араласып, демографиялық өсу үшін мемлекеттің саясатына сай іс-қимылдар жасауға аса назар аудара бастады. Айта кетсек, көші-қонды реттеуге, халықтың орташа өмір сүру жасын ұлғайтуға және табиғи өсімнің жоғары болуына, халық санын көбейтуге арналған бағдарламаларды жүзеге асыруға тырысты.



❖ Демографияны мемлекеттік реттеудің әлеуметтік-саяси модельдерінің үшінші кезеңнің ерекшелігі мемлекет демографиялық үдерістерді толығымен бақылауға және басқаруға әрекет жасады. Осы кезеңде демографиялық жағдай еліміздің демографиялық саясаты мен демографиялық заңдарды енгізіп, солардың орындалуы арқылы жүргізді. Сонымен қатар, демографияны ұлғайту мақсатында, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, көпбалалы отбасы болуға мемлекет тарапынан ынталындыру шаралары жасалды.

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің эталоны – бұл Франция елі болып табылады. Франция – депопуляцияға, яғни, халық санының азаюына ұшыраған және халық санын көбейту негізінде шаралар жүйесін құрған еуропалық ел. Францияның қазіргі таңдағы халық саны – 65 806 803 адам.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Франциядағы халықтың табиғи өсуі мен бала туудың күрт төмендеуі басталды, бұл көптеген ұсақ буржуазиялық топтардың отбасындағы балалардың санын шектеуге ұмтылуымен түсіндірілді. Бала тууды арттыруға негізделген пәрменді демографиялық саясат Францияда өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бастап жүргізілген болатын. Франция депопуляциямен күрес негізінде төмендегі шараларды қолдана бастады. Францияда 1946 жылы бірінші және екінші, әсіресе үшінші баланың тууын көтермелеуге бағытталған (пронаталистік саясат) жанұяларға ақшалай негіздегі төлемдер мен салықтық жеңілдіктердің кең жүйесі тәжірибеге енгізілді. Сонымен қатар, елде репродукцияның тарылған режимі үкіметті шетелдік жұмысшылардың көші-қонын ынталандыруға және бала тууды жоғарлату шараларын қабылдауға итермеледі [4].

Зерттеу нәтижелері

Мемлекеттік басқару әдістері – бұл адамға немесе адамдар тобына негізделген шараларды іскеасырудың әдістері немесе құралдары. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу әдістерінің жиынтығы жеке адамдар арасындағы, отбасындағы, қоғамның құрылымдық бірліктерінде және қоғамның әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, діни, этикалық және басқа да қатынастардың бүкіл жүйесін қамтиды.



1-Сурет. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің әдістері
Ескерту – Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [5]

Әдістер бір-бірімен тығыз байланысты. Бір әдісті қолдану кезінде оған екінші, үшінші әдістердің қатысы болады. Мысалы, заңнамалық әдіс пен әлеуметтік-психологиялық әдістерді қолданысқа енгізерде, ол экономикалық шығындарды талап етеді. Ал, әлеуметтік-психологиялық және экономикалық әдістерді енгізу кезінде, міндетті түрде басқару элементтері болады.

Бірінші әдіс, заңнамалық немесе әкімшілік-құқықтық әдіс. Әкімшілік әдістерге:

- Некеге тұру жасының белгіленуі, түсік жасатуға, ана мен баланы қорғауға, ата-анасы ажырасқан кезде ана мен баланың мүліктік құқықтарын, балалардың отбасылық жағдайын, жас отбасылар мен көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға берілетін жеңілдіктерді реттейтін нормативтік-құқықтық және заңнамалық актілер және т.б.;
- Насихаттау және тәрбиелеу әдістері;
- Демографиялық мінез-құлық нормалары мен стандарттарын, қоғамдық пікірді қалыптастыру;
- Тууды жоспарлау саясаты;



- Жас ұрпақты жыныстық тәрбиелеу.

Әкімшілік-құқықтық әдіс халыққа тікелей әсер ету арқылы жүзеге асырылады және оларды орындау міндетті болып табылады [5].

Екінші әдіс, экономикалық әдіс. Экономикалық әдіс халықтың экономикалық мүдделеріне мақсатты әсер етуімен сипатталады. Олар ынталандырушы жанама сипатқа ие. Экономикалық әдістер арқылы тууды ынталандыру негізінде мемлекеттің қалаулы өсімін қалыптастыруға әсер етудің негізгі жағдайы болып саналады. Экономикалық әдістерге:

- Отбасыларға материалдық көмек: бала туғанда жәрдемақылар тағайындау, білім алуға арналған жәрдемақылар, жастарға, аз қамтылған немесе көпбалалы отбасыларға жағдайлары бойынша мақсатты несиелер, тұрғын үй субсидиялары, отбасы көлеміне, салық деңгейіне байланысты салықтық жеңілдіктер т.б.;

- Жұмыс істейтін аналарға көмек: ақылы демалыс, жұмысқа орналасу кезіндегі ерекше жеңілдіктер (икемді жұмыс уақыты, толық уақытты емес жұмыс, қашықтықтан жұмыс және т.б.), мектепке дейінгі тәрбие жүйесін дамыту;

- Жалғыз басты ата-аналарға көмек: материалдық көмек, мектепке дейінгі мекемелерде орын ұсынудағы артықшылықтар;

- Прогрессивті шкала бойынша отбасының жағдайын бағалау – тууды арттыру немесе төмендету.

Тууды экономикалық ынталандырудың әртүрлі шараларының көлемі мен қарқындылығы көп жағдайда елдердің экономикалық мүмкіндіктерімен, сондай-ақ олардағы демографиялық проблемалардың өткірлігімен айқындалады.

Үшінші әдіс, әлеуметтік-психологиялық немесе идеологиялық әдіс. Әлеуметтік-психологиялық әдістерге үгіт-насихат құралдарын қолдану жатады:

- Бұқаралық ақпарат құралдарына – радио, теледидар, баспа, газет-журналдар, мен әлеуметтік желі;

- Өнердің барлық түрлері.

Бұл әдістер демографиялық үдерістерді қоғамда қалыптасқан құқықтық, саяси, діни, философиялық, этикалық көзқарастармен қарастырылған бағытқа қарай бағыттауға мүмкіндік береді [7]. Бірақ, әлеуметтік-психологиялық әдістер демографиялық үдерістерге жанама әсер еткендіктен, олардың әсер ету деңгейі мен тиімділігін бағалау қиын болып табылады. Қазіргі қоғамда репродуктивті қарым-қатынастың осылай өзгеруіне әкелетін мотивтерге бірінші кезекте, отбасы құндылығынан, адамның жеке өмірі, оның келешектегі жұмысының алда болуы. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу қағидалары демографиялық үдерістердің бағыты мен ағымына және демографиялық даму мақсаттарына байланысты болып келеді. Қағидаларына тоқталып өтсек:

- 1) шаралар кешенділігіне және бағытына байланысты:

- халықтың өсімінің өзгерту шараларын қарастыру;

- халықтың көбею режимін сақтау.

- демографиялық үдерістердің мәселесін реттеу;

- 2) демографиялық дамудағы көші-қон үдерістерінің рөлін ескере отырып:

- көші-қонның ағындарын ынталандыру;

- көші-қонды шектеуге бағытталған іс шаралар.

- 3) мемлекет қалаған халық саны:

- ел халқының санын арттыруға бағытталған іс шаралар;

- ел халқының санын тұрақтандыруға бағытталған іс шаралар.

Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу қағидалары негізінде халық дамуының негізгі бағыттары және әлеуметтік-экономикалық жағдайларының барлығын назарға алуға негізделген неғұрлым өзекті мәселелерді шешуде мемлекеттік бағдарламаларды орындау және жүзеге асыру жатады.

Демографиялық коэффициенттер – халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіші. Халық қозғалысының жалпы коэффициенттері демографиялық үдерістердің (туу мен өлім-жітім) тұрғындардың жалпы санына қатынасы арқылы есептеледі. Халықтың табиғи қозғалысын демография ғылымы зерттейді, бұл көрсеткішті демографиялық көрсеткіш деп те атайды. Барлық демографиялық көрсеткіштер промилльмен, яғни 1000 адамға шаққандағы көрсеткіштермен өлшенеді. Промилль (лат. Mille - мың) – мыңнан бір дегенді білдіреді, ол мына таңба арқылы ‰ белгіленеді.

Халықтың табиғи қозғалысы – бұл туу мен өлімнің нәтижесінде халық санының өзгеруі. Туу белгілі бір кезеңде 1000 тұрғынға шаққанда туылғандар саны. Демографиялық коэффициенттерді есептеу кезінде барлық тұрақты халықтың орташа жылдық саны алынады. Туылу коэффициентін төмендегі формула арқылы анықтайды:



$$K_{\text{от}} = \frac{M}{S} \times 1000\% \quad (1)$$

мұнда

M – бір жыл ішінде туғандар саны;

S – халықтың жылдық орташа саны.

Өлім-жітім – белгілі бір кезеңде 1000 тұрғынға шаққанда өлім-жітім саны. Өлім-жітім коэффициенті:

$$K_{\text{ож}} = \frac{M}{S} \times 1000\% \quad (2)$$

мұнда

M – бір жыл ішінде өлгендер саны;

S – халықтың жылдық орташа саны.

Халықтың табиғи өсімі – туудың өлім-жітімнен асып кетуі, яғни нақты бір уақыт аралығында туылған балалар саны мен өлім саны арасындағы айырмашылық немесе тұрғындар санының өсуі.

Біз халықтың табиғи өсімін анықтауды Алматы облысының аумағы көлемінде зерттеулер жүргіздік. Алматы облысы еліміздің оңтүстік-шығысында, аумағы 105, 3 мың шаршы шақырым, онда 9 аудандық елді мекен және Қонаев, Қаскелең, Талғар және Есік қалалары орналасқан. Алматы облысы 1932 жылы 10 наурызда құрылған болатын. 1959-1967ж аралығында Талдықорған облысы Алматы облысының құрамында болды. 1967ж бастап қайтадан Алматы облысы құрылды. 2022ж бастап Алматы облысының әкімшілік аумақтық құрамы өзгеріп құрамына Балхаш, Іле, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Кеген, Қарасай, Райымбек, Талғар, Ұйғыр аудандары яғни, 9 аудандық елді мекендер кірді. Облыс халқы 1560377 адамнан және бірнеше ұлт пен ұлыстан тұрады. Облыс орталығы – Қонаев қаласы. Облыс бойынша халықтың тығыздығы 8,5 адамға тең [5,6].


Өңірдегі мемлекеттік мекеме «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекет өз басшылығын жүзеге асыратын өңірлік ірі мекемелердің бірі болып саналады.

Бұл орган өз функциясын елдің конституциясы мен заңдарына, сонымен қатар ел Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырады. Оның қызметін қаржыландыру жергілікті бюджет тарапынан жүзеге асырылады. Төмендегі 1-ші суретте мекеменің құрылымы мен бөлімшелері заңнамаға сәкес бекітілген, яғни ол басшылық және 10 бөлімнен құралады [5].



2-Сурет. «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің құрылымы Ескерту – Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [5]


Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының құрамына 9 аудан және Қонаев, Қаскелең, Талғар, Есік қалалары кіреді. Бізді қоршаған ортамен бірге еліміздің қоғамдық өндірісінің қалыптасуы мен дамуына негіз болатын фактор – ол халық болып табылады. Ендігі кезекте, Қазақстан Республикасының облыстары бойынша тұрғындар көрсеткіші, соның ішінде Алматы облысына тоқталсақ, 3-суретте байқағанымыздай Алматы облысының халық саны – 1560377 адам.



3-Сурет. Еліміз бойынша 2024 ж нақтыланған демографиялық көрсеткіштер Ескерту – мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [6]

Суреттен келесідей қорытынды шығаруға болады: берілген статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, ел халқының ең ірі үлесі Түркістан одан кейін Алматы облысына тиесілі екендігін, ал ең шағын облыс болып Ұлытау облысын айтамыз. 4-Суретте Алматы облысы халқының абсолютті өсімі, өсу қарқыны қарастырылған. Абсолюттік өсім екі көрсеткіш бойынша есепке алынады. Бірінші көрсеткіш негізінде есепке алынған санақ жылдарының бір-бірімен салыстырылған нәтижелері. Есепке алынатын жылдардың арасындағы алғашқы жыл есепке алынбайды.

Алматы облысы халқының мәліметтерін есепке ала отырып, келесідей қорытынды шығаруға болады: ел халқының ең ірі үлесі 2024 жылға тиесілі. 2022 жылмен салыстырғанда ел халқы 1531044 адамнан 1560377 адамға дейін жетті. Екінші салыстырмалы көрсеткіштің негізі ретінде есепке алынатын жылдардың алғашқысы алынады. Бұл көрсеткіштер бойынша: ел халқының саны 2023 ж. төмендеуіне қарамастан 2024 тез өсуін бақылауға болады. Мұндай жағдай бұл өңірдің табиғат жағдайларының қолайлылығын және еліміздегі ең ірі қала Алматы қаласының жақын орналасқандығы да қатты әсерін тигізеді.



4-Сурет. Алматы облысының 2022-2024ж нақтыланған демографиялық көрсеткіштері Ескерту – мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [5]

Халықтың өсу қарқыны – ол белгілі бір кезеңдегі халықтың көрсеткіш шамасының оның алдыңғы кезеңдегі немесе негіз ретінде алынған халық көрсеткішіне қатынасы. Диаграммада көрсеткіштердің айтарлықтай өскендігін байқаймыз. Барлығымызға белгілі Қазақстанның халық саны аумақтың үлкендігіне сай келмейді. Ел тұрғындарын біркелкі қоныстандыру мүмкін емес. Себебі, тұрғындардың



қоныстануына табиғат жағдайлары және қолайлы жерлердің тек 1/3 бөлігі ғана жарамды. Сондықтан мемлекетті модернизациялау бағдарламасында негізгі рөлді халықты аумақтық ұйымдастыруға баса назар аударған. Сәйкесінше, халықты орналастыру дегеніміз – ол халықты мемлекет, облыс көлемінде және аймақ бойынша орналастыру.

Қалалық елді мекендермен ауылдық елді мекендер өндірісті аумақтық бөлуде және ел аймақтарының кешенді дамуындағы әртүрлі мөлшердегі алғашқы буын болып табылады. Халық саны, өнеркәсіпте және ауыл шаруашылығындағы жұмыспен қамту сияқты өлшемдерге байланысты халық қала халқы және ауыл халқы болып бөлінеді.

Қалаларда орналасқан халық мықты экономикалық және интеллектуалды әлеуетті қалыптастырады. Ал, ауыл тұрғындарының негізгі тыныс-тіршілігі егін егу мен мал бағу, сондықтан ауыл халқы осы ресурстарға тәуелді орналасқан. Ауыл халқы егін аймақтарынан және жайылымнан алшақтамау үшін кішігірім елді мекендерде тұрады. Еліміздегі ауылдардың басым көпшілігі – ауыл шаруашылығына негізделген. Аймақтық өңірлердегі урбанизациялық үдерістер де әртүрлі деңгейде дамуда. Соңғы жылдары Алматы облысында қала халқы өспей, керісінше, ауыл тұрғындарының саны артып отыр (1 кесте).


1-Кесте. Алматы облысындағы аудандар мен қалалардағы халық саны

Әкімшілік аумақтық құрамы	Халық саны (мың адам)
Қарасай	334000
Еңбекшіқазақ ауданы	284916
Талғар ауданы	244 410
Іле	46 129
Жамбыл	4 460
Ұйғыр	63598
Балхаш	29209
Райымбек	41732
Кеген	29003
Қаскелең қ	83558
Талғар қ	65208
Есік қ	55198
Қонаев қ	41365
Ескерту – Дереккөздер негізінде автормен құрастырылған [5]	

Кестеге тоқталып кетсек, бұл жерде қала және ауыл халқының салыстырмалы көрсеткішін көруге болады. Алматы облысында ауыл халқы қала халқынан басым. Есепте 2024 жылғы мәліметтер алынды, өңір халқының 80,6%-ын ауыл халқы ал, 19,4%-ын қала халқын құрады. Кейінгі 2024 жылы көрсеткіштер біршама өзгерді, сонымен қатар қала халқына қарағанда ауыл тұрғындарының көрсеткіші өсіп бұл көрсеткіштер сәйкесінше ауыл халқының үлесін құрады.

Еліміздің және кез-келген аймақтың әлеуметтік және экономикалық өсуіне түрлі жағдайлар әсер етеді, олардың ішінде ең маңызды рөл демографиялық жағдай. Демографиялық жағдайдың экономикаға және әлеуметтік салаға әсерін талдау үшін біз оны көрсететін көрсеткіштерді ұсынамыз. Аймақтық демографиялық жағдайға әлеуметтік-экономикалық ықпалын зерттеудің негізгі төмендегі сипаттамаларына қарай бөледі, олар: туу мен өлім, неке және ажырасу, көші-кон. Осы көрсеткіштерге сүйене отырып, аймақта туудың нақты демографиялық жағдайын сипаттауға болады.

Халықтың табиғи көрсеткішін зерттеу үшін қажетті екінші көрсеткішті зерттеу қажет. Өлім-жітім – белгілі бір кезеңде 1000 тұрғынға шаққанда өлім-жітім саны. Суретте 2022-2024ж бастап өлгендер саны көрсетілген. Жалпы Алматы облысы бойынша нақты санға келетін болсақ, көрсеткіш көлемі халық санының тұрақты түрде туу көрсеткіштері жоғары болып қана қоймай, өлу көрсеткіштері де азаюы керек. Соған қарамастан, суретте қайтыс болғандардың саны 2024ж 1000 адамға шаққандағы көрсеткіші 6,5% құрады, бұл қарт адамдардың табиғи өлімі және жас балалардың шегінеуі есебінен.




5-Сурет. 2022-2024 жылдарда Алматы облысында өлгендер саны
Ескерту – мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [5]

Жалпы еліміз бойынша оңтүстік өңірлерде халықтың табиғи өсімі басқа аймақтармен салыстырғанда біршама жоғары. Қазіргі кездері жастар арасындағы отбасы құндылықтарының төмен болуы да демографияға ықпал етеді. Елдегі халық санына, демографиялық, әлеуметтік жағдайына әсер ететін тағы бір факторға азаматтардың некелесу мәселесі болып табылады.

Неке және отбасы мәселесі әсіресе, қазіргі күні жастар арасындағы өршіп тұрған мәселе. Бұл мәселе халықтың өсуіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Нашар әлеуметтік жағдай мен баспана мәселесі қазіргі жас отбасылардағы тұрақсыздықты күшейтуде. Оның үстіне батысқа еліктеушілік, батыстық сана, материалдық игіліктерге қызығушылық т.б. отбасы тұрақсыздығына әсер етуші факторлардың көптігі белең алуда [6,7].

Бірақ жалпы елімізде және Алматы облысы өңірінде көптеген әлеуметтік проблемалардың басым көпшілігі әлі күнге дейін шешімін таба алмай келуде, бұл халық санын арттыру саясатын ұстанып отырған Қазақстан үшін жағымды деп айта алмаймыз. Осы орайда атап өтетін жайт еліміздегі әйел адамдардың туудағы ауыртпашылықтары, яғни, қазіргі таңда республикамыздағы туудың 45%-ы қиыншылықтармен өтеді екен. Дүниеге келген әрбір 3-ші баланың денсаулығында ауытқулар бар, 5 жасқа дейінгі балалардың өлім деңгейі де жоғары, бұл көрсеткіштен Қазақстан әлем бойынша 61-ші орында.




6-Сурет. Алматы облысы бойынша 2024 жылғы нәресте өлім-жітімінің негізгі себептері, %
Ескерту – Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [5]

6-Суреттегі диаграммадан байқайтынымыз, осы 1 жасқа дейінгі нәрестелер өлімінің негізгі себептері көрсетілген. Негізгі себептерінің бірі көріп отырғанымыздай, перинатальды кезеңде болатын



жағдайлар мен туа біткен кездегі ауытқулардан екен. Перинатальдық кезеңге анықтама, бұл ұрықтың, ана құрсағындағы 28-ші аптасынан басталып, туылғаннан кейінгі жеті күн.

2013 жылғы 14 наурызда жарияланған БҰҰ-ң адам әлеуетін дамыту туралы деректері негізінде АДИ бойынша елдердің рейтингісін және БҰҰ мүше елдерді қамтиды. Адам даму индексі (АДИ) мемлекетіміздің демографиялық көрсеткішіне тікелей әсер етеді. АДИ бойынша мемлекеттердің дамушы, дамыған және дамымағандығы өлшенеді [7,8]. Оның негізгі көрсеткіштеріне туу кезіндегі күтілетін өмір ұзақтығы мен жан басына табыс деңгейінің орташа арифметикалық шамасы жатады. Негізі Қазақстан Республикасы соңғы жылы АДИ бойынша орташа орынға ие болған. Ал, Алматы облысында туу кезіндегі күтілетін өмір ұзақтығы және жан басына шаққандағы ақшалай табыс мөлшері кейінгі 2023ж 144,226 мыңға жетті.



7-Сурет. Алматы облысындағы жан басына шаққандағы ақшалай табыс мөлшері Ескерту – Мәліметтер негізінде автормен құрастырылған [5]

Ендігі кезекте, Алматы облысының аумағындағы көші-қонды қарастырайық. Қазір елімізде жастардың әсіресе білімділердің сыртқа кетуі белең алуда. Жалпы 2023 жылы облысқа 47 951 адам қоныс аударды. Әсіресе халықтың Қарасай ауданына қоныстануы жоғары болды, ол 10 704 адамға дейін жетті. Ол жалпы Алматы облысы бойынша қоныс аударушы халықтың 22,3%-ын құрайды [9,10].

Аймақтық демографиялық үрдістердің мемлекеттік реттеу тетіктерінің экономикалық тиімділігін бағалауда экономика мен демография өзара байланыстылығын және халықтың жастық-жыныстық құрамы, оның құрамдас бөліктері өндіріс процесіне, қоғам өндіретін тауарлардың таралуына бірден әсер етеді. Демек, елдің демографиялық жағдайының проблемалары оның экономикасына да тікелей әсер етеді. Осы таңдағы экономика тауарлар мен қызметтерді тұтынушыға мұқтаж, ал тауарлар мен қызметтерді неғұрлым көп тұтынса, соғұрлым экономика жақсы дамиды. Осыған байланысты демографиялық өсу экономика үшін қолайлы, ал халықтың азаюы оған зиян [11,12].

Сол үшін қазіргі экономика үшін халықтың өсуімен қатар олардың қажеттіліктерінің көбеюі қажет деп есептелінеді.

Демографиялық процестер экономикаға бірінші кезекте еңбекке жарамды тұрғындардың саны және жастық-жыныстық құрылымының өзгеруі арқылы әсер етеді. Аймақтық демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеуде туындайтын әлеуметтік-экономикалық мәселелер тұрғындар көрсеткішінің өзгеруіне түрлі әсер етеді. Елдегі халықтың саны оның экономикасына, саясатына, демографиялық және әлеуметтік жағдайына әсер етеді. Демографиялық жағдайдың сипатын бағалау, туу, өлу, табиғи өсім немесе басқада үздіксіз үдерістер туралы зерттеу – әлеуметтік, экономикалық, тарихи, саяси, медициналық мәні бар аса күрделі мәселелер болып табылады.

Қорытынды

Халық – әрбір мемлекеттің ең басты байлығы, сондықтан мемлекеттегі әлеуметтік демографиялық жағдай үнемі бірінші орында тұруы қажет. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты, бұл халықтың ұдайы өсуін қамтамаыз ету. Сол себепті де, аймақтағы халықтың демографиялық даму аспектілерін зерттеп, негізгі мәселелерге аса назар аударып, оларды талдап, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан зерттеп, олардың шешу жолдары қарастырылды. Себебі, демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу қазіргі таңдағы ең өзектілігі жоғары мәселелер қатарында.



Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу әлеуметтік-экономикалық саясаттың бір бөлігі болып табылады. Бұл оның тікелей мақсаты демографиялық дамуға әсер еткен кезде жүзеге асырылады. Демографиялық үдерістерді мемлекеттік реттеу халықтың репродуктивті мінез-құлқының екі жағына да әсер етеді. Біріншісі, туу қажеттілігін қалыптастыру негізінде, екіншісі, қоғамның мүдделеріне сәйкес келетіндей белгілі бір бала санына жеке адамдар мен отбасылардың қажеттіліктерін қалыптастырғанда. Ол экономикалық, әкімшілік-құқықтық және әлеуметтік-психологиялық әдістері негізінде қол жеткізіледі.

Аймақтағы демографиялық үдерістерін зерттеуде маңызды көрсеткіштер болып туу мен өлім, өмір сүру жасы, некелер мен ажырасу, көші-қон т.б. еңбек нарығының негізгі индикаторлары болып табылады.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Ф.З. Шогенова., З.А.Ханиева – Социально-демографические параметры жизни в современной социальной политике государства. 2019. – С.228.
- [2] Қазақстан Республикасы мемлекеттік демографиялық саясатының тұжырымдамасы туралы [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001272>
- [3] О.П. Пуртова – Научный электронный журнал «Матрица научного познание» Демографическая политика, 2018. –С.246.
- [4] Л.Д.Ефанова., К.А.Федорова – Научная статья, Демографическая политика Франции, 2019. – С.191.
- [5] Алматы облысы әкімдік аппараты [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://zhetysu.gov.kz/content/polozhenie-app.html>
- [6] Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <https://stat.gov.kz/region/250502/simple>
- [7] Қазақстан Республикасының «Көші-қон саясатының тұжырымдамасы туралы» Заңы [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001346>
- [8] О.В.Федонина – Научный журнал, «Демографическая яма» и проблема ловушки бедности: региональный аспект, 2020г.
- [9] М.С.Нахушева – Научная статья, Демография в научном дискурсе : интегративность предметной области, 2018г.
- [10] Д.В.Бешейко., Л.Н.Липотова – Научный журнал, Региональные особенности и проблемы демографического развития, 2019. – С.678.
- [11] Мемлекеттің атаулы әлеуметтік көмек бағдарламасы [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: <http://astana.gov.kz/kz/news/news/20652>
- [12] Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – Кіру режимі: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-kazakstan-halkyna-zholdauy

REFERENCES

- [1] F.Z. Shogenova., Z. A. Khaniyeva-socio-demographic parameters of life in the modern social policy of the state. 2019. - P. 228.
- [2] on the concept of the state demographic policy of the Republic of Kazakhstan [electronic resource]. - Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001272>
- [3] O.P.Purtova – scientific electronic journal "matrix of scientific position" demographic Policy, 2018. –P. 246.
- [4] L.D.Efanova., K.A.Fedorova-scientific article, demographic policy of France, 2019. - P. 191.
- [5] Office of the akimat of Almaty region [electronic resource]. - Access mode: <https://zhetysu.gov.kz/content/polozhenie-app.html>
- [6] Statistics Committee of the Ministry of national economy of the Republic of Kazakhstan [electronic resource]. - Access mode: <https://stat.gov.kz/region/250502/simple>
- [7] The Law of the Republic of Kazakhstan "on the concept of Migration Policy" [electronic resource]. - Access mode: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P000001346>
- [8] O.V.Fedonina – scientific journal, "demographic Yama" and the problem of poor health: regional aspect, 2020.
- [9] M.S.Nakhushcheva – scientific article, demography in scientific discourse : integration of the previous Region, 2018.



[10] D.V.Besheiko. L.N.Lipotova - scientific journal, regional identity and demographic development problems, 2019. - P.678.

[11] targeted social assistance program of the State [electronic resource]. - Access mode: <http://astana.gov.kz/kz/news/news/20652>

[12] Address of the head of state Kassym-Jomart Tokayev to the people of Kazakhstan [electronic resource]. - Access mode: https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy

**Ауезова З.Т., Бұлақбай Ж.М., Сагынбаева А.Б., Байгукин Г.Т., Байжанова М.С.
МЕТОДЫ И ПРИНЦИПЫ ГОСУДАРСТВЕННОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ
ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ**

Аннотация. В настоящее время государство занимает особое место в регулировании демографической ситуации населения. Оценка демографической ситуации и качества жизни населения в целом является важнейшим вопросом социально-экономической политики, стоящей перед государством. В данной статье предлагается использовать методы обследования и анализа демографической ситуации населения Алматинской области.

Исследовательская работа позволит решить поставленные задачи и представить региональные проблемы социально-экономического положения и современного состояния населения как в регионах страны, так и в Алматинской области.

В условиях современной рыночной экономики в государственном регулировании демографической ситуации населения можно заметить, что в различных регионах страны разные ситуации и, исходя из статистических показателей, социально-экономическое положение населения в районах концентрации производств значительно ниже, чем в промышленных областях. Кроме того, в данной статье проанализированы показатели в целях анализа показателей естественного прироста населения, смертности, бракосочетания и разводов, миграции и ИЧР по стране и в регионе Алматинской области.

Ключевые слова: население; демография; демографические процессы; государственное регулирование; методы государственного регулирования, методы государственного управления; естественный прирост; рождаемость; смертность; миграция; социально-экономическая ситуация, рыночная экономика; индекс человеческого развития.

**Auyezova Zauze, Bulakbay Zhanat, Sagynbayeva Aknur,
Baigukin Galymbek, Baizhanova Madina
METHODS AND PRINCIPLES OF STATE REGULATION OF DEMOGRAPHIC
PROCESSES**

Annotation. Currently, the state occupies a special place in regulating the demographic situation of the population. The assessment of the demographic situation and the quality of life of the population as a whole is the most important issue of socio-economic policy facing the state. This article proposes to use the methods of survey and analysis of the demographic situation of the population of Almaty region. The research work will allow solving the tasks and presenting regional problems of the socio-economic situation and the current state of the population both in the regions of the country and in the Almaty region.

In the context of the modern market economy in the state regulation of the demographic situation of the population, it can be noted that in different regions of the country there are different situations and, based on statistical indicators, the socio-economic situation of the population in areas of concentration of production is much lower than in industrial areas. In addition, this article analyzes indicators for the purpose of analyzing the indicators of natural population growth, mortality, marriage and divorce, migration and HDI in the country and in the region of Almaty region.

Keywords: population; demography; demographic processes; state regulation; methods of state regulation; methods of public administration; natural growth; birth rate, mortality